

"Көктем" курортының округ шекарасын және тазалық сақтау аймақтарын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 22 қыркүйек 1994 ж. N 1047

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Алматы облысының "Көктем" курортының округ шекарасы және тазалық сақтау аймақтары қосымшаға сәйкес белгіленсін. <*>

Ескерту. <*> Осы қаулыға қосымша (курорттың картасы) Қазақстан Республикасының Кәсіподақтары Федерациясы кеңесінің Санаториялық-курорттық мекемелер бірлестігінде және Алматы облыстық әкімшілігінде.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі,

Экология және биоресурстар министрлігі, Кәсіподақтары Федерациясы кеңесінің Санаториялық-курорттық мекемелер бірлестігі, Алматы облысының әкімі аталған курорттың тазалығы мен тазалық сақтау округінің шекарасындағы тазалыққа және табиғи емдік құралдарды қорғауға тұрақты бақылауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі